

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- 1. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 5 мектеп-гимназия» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 9 ықшамауданы, 16 үй, 1996 жылдан бері жұмыс істейді.
- 2. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 86 мектеп-гимназия» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 6 ықшамауданы, 63 үй, 1996 жылдан бері жұмыс істейді.
- 3. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 117 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Жетісу-2 ықшамауданы, 8Б үй, 1996 жылдан бері жұмыс істейді.
- 4. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 158 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Мамыр-8 ықшамауданы, 1996 жылдан бері жұмыс істейді.
- 5. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 160 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Қарасу ы/а., Заводская көшесі, 98 үй. 1983 жылдан бері жұмыс істейді.
- 6. Алматы қаласы Білім басқармасының «Мәжит Бегалин атындағы № 120 гимназия» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Құрмаңғазы көшесі, 74/143 үй. 1999 жылдан бері жұмыс істейді.
- 7. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 45 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Орбита-3 ықшамауданы, 55 үй. 1999 жылдан бері жұмыс істейді.
- 8. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 189 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Нұр Алатау ықшамауданы, 27 үй. 1997 жылдан бері жұмыс істейді.
- 9. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 193 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Кемел ықшамауданы, 54 үй. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.
- 10. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 31 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Гете көшесі, 261/26 үй, 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

11. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 32 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, С. Сейфуллин көшесі, 505 үй, 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

12. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 44 мектеп-гимназия» КММ басшысы.

Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Огарева көшесі, 6 үй, 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

13. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 49 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Кассина көшесі, 47 үй. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

14. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 78 мектеп-гимназия» КММ басшысы.

Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Алтай ы/а, 2, 57 үй. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

15. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 20 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Герцен көшесі, 154 үй. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

16. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 17 мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Заңды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 266А үй.

17. Алматы қаласы Білім басқармасының «Тұрмысы төмен отбасынан шыққан балаларға арналған №10 жалпы білім беретін мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Каблуков көшесі, 93А үй.

Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру.

Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты - 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, оның ішінде соңғы 2 жыл үздіксіз педагогикалық өтілі, басшының орынбасары лауазымында немесе орта білім беру ұйымының басшысы лауазымында кемінде 2 жыл өтілі;
- немесе жоғары біліктілік санатының немесе педагог – сарапшының немесе педагог – зерттеушінің немесе педагог – шебердің біліктілік санатының болуы; не білім беру ұйымының "үшінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "екінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" біліктілік санатының не "басшы-ұйымдастырушы" немесе "басшы-менеджер" немесе "басшы-көшбасшы" біліктілік санатының болуы.
- осы тармақтың 2,3-абзацтағы нормаларын қоспағанда, білім және ғылым саласындағы қызмет бағыты бойынша мемлекеттік қызметші лауазымындағы, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру немесе педагогикалық білімі бар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының басшысы лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Лауазымдық міндеттері:

- білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына сәйкес және осы біліктілік сипаттамаларына сәйкес басқарады;
- педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесіп мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттың іске асырылуын ұйымдастырады;
- педагогикалық кеңесті басқарады;
- мектепті дамыту бағдарламасын, оқу-тәрбие жұмысының жоспарын, оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын, мектепшілік бақылау жоспарын, тәрбие жұмысының жоспарын бекітеді;
- білім беру ұйымының ғылыми - әдістемелік және материалдық-техникалық базасын қалыптастырады және жетілдіреді;
- оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді;
- заманауи ақпараттық технологияларды дамытуды қамтамасыз етеді;
- қашықтан оқытуды өткізу процесін ұйымдастырады және бақылайды, барлық сыныптар үшін қашықтан оқытудың түзетілген оқу бағдарламасын және сабақ кестесін бекітеді;
- педагогикалық ұйымдардың, әдістемелік бірлестіктердің, балалар ұйымдарының қызметіне ықпал етеді;
- білім беру қызметінің құқықтану лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді;
- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы тәрбиеленушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін (жеке, мүліктік, тұрғын үй, еңбек және өзге де) қорғайды, оларға туыстық байланыстарды қолдау үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылдайды;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларды ескере отырып, тәрбиеленушілер мен білім алушыларды ұстау және тұру жағдайларын қамтамасыз етеді;
- оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне жағдайлар жасайды;
- ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру үшін жағдай жасайды;
- ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар баланы тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде балалар мен ата-аналарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;
- оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында оларды тамақпен, (мектеп міндеттемелері шеңберінде медициналық қызмет көрсетумен) қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты және бақылауды ұйымдастырады;
- білім беру ұйымының мүлкі мен қаражатына заңнамада белгіленген тәртіппен иелік етеді, қаржы қаражатының түсімдері мен жұмсалуды туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;
- Қамқоршылық кеңес пен ата-аналар қоғамдастығының алдында ұйымның қызметі туралы, оның ішінде қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;
- нормативтік талаптарға сәйкес есепке алуды, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі қағидаларының, санитариялық-гигиеналық режимнің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларының сақталуына жауап береді;
- педагогтер мен қосалқы персоналды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, қызметкерлердің штаттық кестесін және лауазымдық міндеттерін бекітеді, олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін жағдай жасайды;
- компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген;

- педагогтерді аттестаттау және біліктілік санатын беру (растау) рәсімін ұйымдастырады;
- жоғары көрсеткіштері мен жетістіктері бар білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен педагогтерін көтермелеуге ұсынады;
- педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті басқарады, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын ескере отырып, өз құзыреті шегінде жаза қолданады;
- өз құзыреті шегінде мектептің басқа қызметкерлеріне жаза қолданады;
- жұртшылықпен байланысты жүзеге асырады, ата-аналармен (оларды ауыстыратын тұлғалармен), қамқоршылық кеңеспен жұмысты үйлестіреді;
- мемлекеттік және өзге де ұйымдарда білім беру ұйымының атынан өкілдік етеді, есептілікті дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді;
- өзінің кәсіби дамуымен жұмыс істейді, оның ішінде менеджмент саласында;
- білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді;
- білім беру қызметтерінің сапасына жауап береді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер; педагогика және психология негіздері; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері; педагогикалық этиканың нормалары; менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет негіздері; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

Конкурс «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларының негізінде өткізіледі.

Конкурстың өткізілетін уақыты жоғарыда көрсетілген Қағидаға сәйкес белгіленеді.

Конкурсты өткізу орны: «Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ, Алматы қаласы, Абылай хан д-ы, 74А үй мекенжайында.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарында («Алматы ақшамы», «Вечерний Алматы» газетінде) және Алматы қаласы Білім басқармасының «edualmaty.kz» сайтында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап **7 жұмыс күні** ішінде жүзеге асырылады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ келесі құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады:

- 1) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) жеке басты куәландыратын құжаты не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттың көшірмесі (сәйкестендіру үшін);
- 3) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы және фото;
- 4) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың көшірмесі;

- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) біліктілік тестілеу сертификаты;
- 10) Білім беру ұйымын дамытудың перспективалық жоспары;
- 11) түйіндеме.

Конкурсқа қатысу үшін кандидат конкурс жариялаған мемлекеттік органның қарауына оның кәсіби жетістіктері, біліктілігін арттыруы, ғылыми зерттеулері, өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтауы, наградалары туралы материалдарды, тиімділік көрсеткіштеріне (олар болған жағдайда) қол жеткізу туралы ақпаратты қосымша ұсынады. 4), 5), 6) 7), 8) 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсыну көрсетілетін қызметті берушіде оларды тиісті ақпараттық жүйелерден алу мүмкіндігі болған жағдайда талап етілмейді. 4), 5) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды жұмыс орнынан персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) немесе білім беру ұйымының жауапты қызметкері куәландырады және мөрмен расталады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Конкурстық комиссияның отырысына байқаушылар қатысады.

2022 жылғы 26 қазанда *(уақыты қосымша хабарланады)* Аймақтық тестілеу орталығында, мекен-жайы: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 97 үйде *(Логистика және көлік академиясы)* заңнаманы, басқарушылық құзыреттерді, педагогика және психология негіздерін білуге арналған біліктілік тестілеуі өткізіледі.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімі Алматы қаласы Білім басқармасының сайтында жарияланады.

Кандидаттар әңгімелесуге жіберілгендігі туралы хабарлама алған сәттен бастап **3 жұмыс күні** ішінде Алматы қаласы Білім басқармасында онлайн режимде әңгімелесуден өтеді.

Конкурс нәтижелеріне конкурсқа қатысушылар заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек:
Алматы қаласы, Абылай хан д-ы, 74А үй, Алматы қаласы Білім басқармасы,
электронды пошта: service.ok90@mail.ru

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондар: +77016707497.

Мемлекеттік білім беру
ұйымдарының бірінші
басшылары мен
педагогтерін лауазымға
тағайындау,
лауазымнан босату
қағидаларына
5-қосымша

Нысан

конкурс жариялаған мемлекеттік
орган

кандидаттың Т.Ә.А. (болған жағдайда), ЖСН

(лауазымы, жұмыс орны)

Нақты тұратын жері, тіркелген мекенжайы, байланыс телефондары.

Өтініш

Мені

_____ бос лауазымына/уақытша
(білім беру ұйымының атауы, мекенжайы)

бос лауазымына (керегінің астын сызу керек) орналасуға арналған конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Қазіргі уақытта _____ жұмыс жасаймын.

(лауазымы, білім беру ұйымының атауы, мекенжайы)

Тестілеуді тапсыру тілі: қазақ/орыс

керегінің астын сызу керек

Конкурс қағидаларымен таныстым:

Білімі: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, техникалық және кәсіптік білім

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Диплом бойынша мамандық

Біліктілік санатының бар болуы (бар болса берілген (расталған) күні):

Жұмыс өтілі:

Жалпы	Педагогикалық	Мемлекеттік қызмет өтілі	Мамандық бойынша (кәсіпкерлік субъектілерінің мамандары үшін)	Осы білім беру ұйымында, оның ішінде атқаратын лауазымында

--	--	--	--	--

Келесі жұмыс нәтижелерін негізге аламын:

Наградалары, атағы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ қосымша мәліметтер (бар болса)

Мен дербес деректерді өңдеу мақсаттарына сәйкес келетін кез келген заңды тәсілдермен менің дербес деректерімді мерзімсіз өңдеуге (фото, бейне және бейне көрсетілімдерді, оның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе осындай құралдарды пайдаланбай дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде пайдалану үшін) келісемін.

Тестілеу өтетін ғимаратта тыйым салынған заттардың бірін пайдаланғаны үшін жауапкершілік туралы, тиісті акт жасалып, шығарылатыны туралы ескертілді.

Тыйым салынған зат табылған жағдайда бір жыл мерзімге тестілеуден өту құқығынан айырылатыным туралы ескертілді.

Ұлттық біліктілік тестілеуін өткізу кезінде, сондай-ақ бейне жазбаны қарау кезінде қағидаларды бұзу фактілері анықталған жағдайда, тапсыру мерзіміне қарамастан акт жасалатыны және нәтижелердің күші жойылатыны ескертілді.

Тыйым салынған заттар:

- ұялы байланыс құралдары (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), iPhone (Айфон), SmartPhone (Смартфон), Смартсағаттар);
- ноутбуктер, плеерлер, модемдер (мобильді роутерлер);
- радио-электрондық байланыстың кез келген түрлері (Wi-Fi (Вай-фай), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи); 5G (5 Джи);
- сымды және сымсыз құлаққаптар және басқалары;
- шпаргалкалар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер;
- калькуляторлар мен түзету сұйықтығы.

Келісемін

(Т.А.Ә. (болған жағдайда))

(қолы)

Тестілеуді және конкурс өткізу қағидаларымен таныстым.

20__жылғы "___" _____

/қолы /